

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІV. - Б. 146-149

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРГЕ ҒАРЫШТЫҚ МОНИТОРИНГТЫ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Ержан А.Т., 2 курс магистранты
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Аннотация: Ғарыштық мониторинг - бұл аумақтың жай-күйін, жағдайын тұрақты бақылау, онда болып жатқан процестерді талдау және ғарыштық орналастыру құралдарымен, өзгерістер орын алған үрдістерді уақтылы анықтау жүйесі. Ғарыштық мониторингтің қазіргі заманғы деректері 1-санаттағы жерлердің (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің) жай-күйінің нашарлауы және құнарлылығының төмендеуі жағдайын көрсетеді. Бұл өзгерістерді анықтау үшін жердің мемлекеттік мониторингін жүргізу жүзеге асырылады. Мақалада жердің жай-күйін зерттеу кезінде жерді ғарыштан бақылау маңыздылығы сипатталып, деректер келтірілген.

Түйін сөздер: АШ мақсатындағы жерлер, космомониторинг, ғарыштық бақылау, Жерді қашықтықтан зондтау.

Қазақстанда, бүкіл әлемдегі мемлекеттердікі секілді, жер өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандырудың тұрақты көзі болып табылады. Қазіргі уақытта жерді тиімді пайдалану, жердің пайдалы қасиеттерінің жоғалуына, олардың тозуына, алаңдардың қысқаруына әкеп соқтырмайтын және соның салдарынан қоғамның тұрақты дамуына қауіпті әлеуметтік және экономикалық салдарлар мен қатер төндіретін тәртіпті қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр. Мұндай мәселені шешуде жер мониторингі шешуші рөл атқарады.

Жер мониторингі өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, болжау, теріс процестер салдарларының алдын алу және жою үшін жер қорының жай-күйін байқау жүйесін білдіреді. Жердің мемлекеттік мониторингінің міндеттері:

1. жердің жай-күйіндегі өзгерістерді уақтылы анықтау, осы өзгерістерді бағалау, теріс процестердің алдын алу және олардың салдарын жою туралы болжам жасау және ұсынымдар әзірлеу;

2. мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік жер бақылауын, жер ресурстарын мемлекеттік және басқарудың өзге де функцияларын, сондай-ақ жерге орналастыруды ақпараттық қамтамасыз ету;

3. азаматтарды жердің жай-күйі бөлігінде қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Жер мониторингі - өзгерістерді уақтылы анықтау және бағалау, теріс процестер салдарларының алдын алу және жою үшін жер қорының жай-күйін бақылау жүйесі. [1]

Жер мониторингі тұжырымдамасының кодексіндегі өзгерістерге байланысты оның мәні өзгеріссіз қалды, атап айтқанда – өзгерістерді уақтылы анықтау, оларды бағалау, болжау, алдын-алу және теріс процестердің салдарын жою үшін Жер ресурстарының жағдайын бақылау жүйесі (түсіру, зерттеу және өзгерту) жұмыстары жүргізіледі. Бұл жердің сапалық жағдайы және олардағы өзгерістер туралы нақты ғылыми негізделген мәліметтер, теріс процестердің салдарын болдырмауға және жоюға мүмкіндік береді.

Мониторингтік зерттеулер бірінші кезекте өндірістің негізгі құралы - жерді сақтаумен байланысты басқарушылық міндеттерді шешу, ауылдық аумақтарды орнықты дамыту үшін қажет. Жерді қашықтықтан бақылау деректері жер ландшафттары мен инфрақұрылымдарының ерекшеліктерін картаға түсіру, табиғи ресурстарды басқару және қоршаған ортаның өзгеруін зерттеу үшін өмірлік маңызы бар құрал. [2]



ҚР Президентінің халқына жолдауында (02.09.2019 ж.) жер мәселесіне байланысты V-бөлімде : Жер ресурстарын тиімсіз пайдалану мәселелері өте өзекті болып отыр. Жерге салынатын салықтар деңгейінің төмендігі жағдайды күрделендіре түсті. Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі жерді игермей, дұрыс пайдаланбай босқа ұстап отыр. Елімізде «латифундистер» көбейіп кетті. [3] Осы жоғарыда айтылған Президенттің жолдауынан біз мемлекеттің жер мониторингін - жердің пайдаланылуы мен қорғалуының мемлекеттік бақылауда, болып жатқан өзгерістерді уақтылы анықтау үшін және оларды бағалау үшін, бұдан әрі дамуын болжау үшін жер мониторингінің алатын орны ерекше екенін көреміз.

Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуы тиіс. Үкімет пен Парламент осы түйткілді реттеудің тиімді жолдарын ұсынуы керек. Бұл – өте маңызды мәселелер қатарына кіреді. Ауыл шаруашылығы министрлігі, пайдаланылмаған жерлерді алып қою рәсімін әзірлеп және жеңілдетті. Осыған байланысты пайдаланылмаған жерлерді анықтауда ғарыштық мониторингтің көмегі өте зор. Жаңа заңнамаға сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін тексеру кезеңдері мен алып қою мерзімдері екі жылдан бір жылға дейін қысқартылды. Екіншіден, жерді пайдалануды бақылау процесі ғарыштық мониторинг деректерін пайдалана отырып, автоматты түрде жүргізіледі. KazEOsat-2 спутнигінің көмегімен жасалған ғарыштық суреттерінің өзекті мозаикасы – Жер бедерін жоғарғы сапада түсіруге мүмкіндік береді. Түсірілген түсірістер (снимоктар) арқылы электронды карталар жасалынады.

2020 жылдың ішінде жасалынған жұмыстардың нәтижесі бойынша анықталған пайдаланылмайтын егістік жерлердің ауданы 1 млн. гектардан астам жерді құрайды. Ғарыштық мониторинг деректері анықтамалары

бойынша жайылымдарды ұтымды пайдалануды бағалау нәтижелері – Ақмола облысында 30,2%-ға, Солтүстік Қазақстан облысында – 18,4% – ға, Қарағанды облысында-19,3% – ға, Шығыс Қазақстан облысында – 11,6% - ға, Жамбыл облысында-12,7% - ға, Алматы облысында-11,9% - ға анықталған.

Төменде көрсетілген электронды карталырдың көмегімен Ақмола облысы, Ақкөл ауданының пайдаланылмай жатқан және заңбұзшылық талаптарға сәйкес жерлер анықталған. Сонымен қатар Аршалы, Біржан сал және т.б. аудандардың да заңбұзушылықтары тәркіленді. [4]



Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша жоғарыдағы электрондық картадан Атбасар ауданының жерге қатысты заң бұзушылықтарын байқауға болады. Атап айтсақ : шекаралардың бұзылуы, жайылым жерлердің нысаналы мақсатпен пайдаланбауы және т.б. заң бұзушылықтар анықталған. [5]

Біздің елімізде бұл жоба неліктен кеш, соңғы 1-2 жылда басталғанының себебі, бұл жоба – пилоттық жоба болып саналады. Дегенменде аз уақыттың ішінде өзінің нәтижесін көрсетуде. Бұл пилоттық жобаның елімізде жүргізілген бірінші кезеңінің деректері бойынша 8,3 млн га пайдаланылмайтын жер анықталды, оның ішінде 2,6 млн га жайылым ерікті түрде мемлекеттік меншікке қайтарылды. 5,7 млн гектар жер иелеріне заң бұзылғандығын айтып, хабарлама жіберілді. [6]

Мониторинг жүйесі агроөндірістің тұрақты дамуына қол жеткізу үшін Жерді қашықтықтан зондтап алудың және автоматтандырылған тақырыптық дешифрлеудің неғұрлым жетілдірілген технологияларын жасаудың арқасында жоғары шешімдегі ғарыш түсірілімдерінің материалдары жер пайдаланудағы жай-күй мен динамикалық өзгерістерді мониторингтеу үшін неғұрлым жедел, сенімді және тиімді ақпарат көздерінің біріне айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының «Жер кодексі» 20 маусым 2003 жыл. (өзгертулерімен)
- 2 Құрманова Г.К. Жер мониторингі. Эверо, 2015
- 3 https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdau
- 4 N. Ozeranskaya, R. Abeldina, G. Kurmanova, L. Smunyova, Z. Moldumarova. Agricultural land management in the system of sustainable rural development in the Republic of Kazakhstan. // International Journal of Civil Engineering and Technology Volume 9, Issue 13, December 2018, Pages 1500-1513/
- 5 https://www.gharysh.kz/novosti/novostdetalnoz_6_1611/
- 6 <https://eldala.kz/kz/novosti/kazahstan/3458-kosmomonitoring-za-god-vyyavil-8-3-mln-ga-neispolzuemyh-selhozzemel>

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к., доцент Абельдина Р. Қ.